


Кеңес тақырыбы: «Қазақ ертегілері, ұлттық дәстүрлер мен ойындар арқылы сөйлеу тілін дамыту (заманауи цифрлық технологияларды қолдана отырып)»



Мақсаты: Мектеп жасына дейінгі балалардың сөздік қорын байытып, байланыстырып сөйлеу қабілеттерін арттыру, қазақ халқының мәдениетін, дәстүрлерін, ертегілерін насихаттай отырып, цифрлық технологияларды тиімді пайдалану.

Міндеттері: Қазақ ертегілері мен ұлттық ойындар арқылы тілдік қорды кеңейту; Сөйлеу мәдениетін дамыту, дұрыс сөйлеуге дағдыландыру; Баланың ойын, пікірін толық жеткізуге мүмкіндік беру; Цифрлық құралдар арқылы қызығушылықты ояту.

Негізгі жұмыс түрлері: Қазақ ертегілерін оқу, әңгімелеу, сахналау («Алдар көсе», «Ер Төстік», т.б.); Ұлттық дәстүрлер жайлы әңгімелер өткізу, салт-дәстүрлерге байланысты сөздік қорды меңгерту; «Соқыр теке», «Теңге алу», «Арқан тарту» сияқты ұлттық ойындар арқылы сөйлеу әрекетін белсендіру; - Интерактивті тақтада ертегілер бойынша тапсырмалар орындау (LearningApps, Wordwall т.б.); - QR-кодпен ертегілер тыңдау, мультфильм көру арқылы түсініп айтуға үйрету.

Ата-аналарға кеңес: Үйде баламен бірге қазақ ертегілерін оқу, сұрақ-жауап арқылы тіл дамыту;
Баланың сөйлеуін еркін қолдау, толық сөйлеммен сөйлеуге баулу;
Қазақ тіліндегі мультфильмдер мен ертегілерді бірге көру;
Баланың ана тілін сүюіне қолдау көрсету.

Қорыта келгенде :

Халық ауыз әдебиетін қазіргі технологиялармен ұштастыру – бала тілінің дамуына, ұлттық құндылықтарға деген қызығушылығын арттыруға зор ықпал етеді.

Қазақтың ұлттық құндылықтары мен заманауи технологияларды ұштастыра отырып, баланың тілдік, танымдық, шығармашылық қабілеттерін жан-жақты дамытуға мүмкіндік туады.

НАЗАРЛАРЫҢЫЗҒА
РАХМЕТ !

